

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
жанындағы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін қорғау жөніндегі  
Диссертациялық кеңес мәжілісінің

### № 1 хаттамасы

14.09.2019 ж.

Түркістан қаласы

**Қатысқандар:** Барлық қатысқандар саны – 9 адам.

Ахмет Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, п.ғ.д, профессор К.М.Беркимбаев-төраға; п.ғ.д., профессор Бөлеев Т.Қ.; п.ғ.д., доцент Ортаев Б.Т.; PhD доктор Баймұханбетов Б.М.; PhD доктор Акешова М.М.; п.ғ.д., профессор Абдиғаппарова Ұ.М.; п.ғ.к. Бактыбаева К.С.; п.ғ.д., профессор Жолдасбеков А.А.; псих,ғ.к. Турдалиева Ш.Т., хатшы – Сейтқұлова Ж.А.

### Күн тәртібі:

1. 6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес басшылығын сайлау

1. Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, **п.ғ.д, профессор К.М.Беркимбаев:** ҚР БҒМ-нің Ғылым мен Білімді бақылау комитеті төрағасының 29.11.2019 ж. №2058 бұйрығына сәйкес, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің 31.03.2019 ж. №9 Сенат мәжілісінің «PhD диссертациялық кеңес ережесі мен құрамын бекіту туралы» шешімі бойынша 6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес мүшелерінен кеңес төрағасын, төраға орынбасары мен Ғалым хатшысын сайлауды ұсынған.

Диссертациялық кеңес мүшелері бірауыздан ашық дауыспен ғылым саласында және ғылыми кадрларды даярау бойынша сіңірген еңбектерін, сондай-ақ мамандықтың бағытын ескере отырып Кеңес төрағалығына п.ғ.д., профессор Бөлеев Т.Қ., төраға орынбасарлығына п.ғ.д, доцент Ортаев Б.Т., ғалым хатшылыққа п.ғ.к. К.С.Бактыбаеваны ұсынды.

**PhD доктор Баймұханбетов Б.М.** – мен өз тарапымнан аталған кісілердің ғылым саласындағы еңбектерін ескере отырып, Диссертациялық кеңестің жұмысын жүргізуге білік және дағдылары, мүмкіндіктері бар деп есептеймін.

**П.ғ.д., профессор Абдиғаппарова Ұ.М.** – мен де аталған кісілердің кандидатураларын қолдаймын, өте лайықты адамдар деп ойлаймын.

**П.ғ.д., профессор Жолдасбеков А.А.** – Диссертациялық кеңес мүшелерінің ұсынысына қарсы емеспін, қолдаймын.

**Псих,ғ.к. Турдалиева Ш.Т.** – аталған кісілерге қарсы емеспін, бұл кандидатуралар диссертациялық кеңестің жұмысын лайықты жүргізетініне сенімдімін.

Ясауи университетінің ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент,  
**п.ғ.д, профессор К.М.Беркімбаев:** сайлау үдерісін өткізейік.

Диссертациялық кеңес мүшелері ашық дауыспен сайлайық, аталған кандидатураларған дауыс берулеріңізді сұраймын. «Жақтағандар» – 8; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ, рахмет, бірауыздан сайланды.

Құрметті әріптестер, құттықтаймын, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

«Ашық дауыс» беру нәтижесінде **Диссертациялық кеңес қаулы етеді:**

1. 6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің төрағасы қызметіне – п.ғ.д., профессор Бөлеев Т.Қ.; төраға орынбасары қызметіне п.ғ.д., доцент Ортаев Б.Т; Ғалым хатшы қызметіне п.ғ.к., Бақтыбаева К.С. сайланды.

Мәжіліс төрағасы

Беркімбаев К.М.

Хатшы

Сейтқұлова Ж.А.

